

01-25

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы
менгерушісі: Г.Шырынханова



Педагогикалық кеңес хаттамалары

2022-2023 жылы
Ә.Оспанов ауылы

«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

Ә.Оспанов ауылы.

28.08.2022ж

Қатысқаны: 12

Күн тәртібінде:

1. «Тұрсынкүл апа» бала-бақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру және бекіту.
2. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандартпен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі)
3. Балабақшадағы топтардың жасына қарай оқу іс- әрекет кестесін, күн тәртібін, балалармен оқу жұмыс жоспарларын бекіту.
4. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша меңгерушісі Г.Шырынханова ЖШС «Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырып өтті –денсаулық мен салауатты өмір салтын камтамасыз ету.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін талдау, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру, тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс жасау.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.Турешова сөз алды, 2022-2023 оқу жылының нормативті құқықты актілерімен және әдістемелік нұсқалықтармен қысқаша айтып өтті. Балабақша тәрбиешілерінің міндеттері мен қызметтерін таныстырып өтті. Тәрбиелеу процесінде тәрбиешілерге мына қағидаларды назарда ұстау ұсынылды.

Ойын арқылы үйрету;

Түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қыймыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасында ұсынылған перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісімен таныстырып, алдағы жылы сабақтастық, демек кіріктірілген түрде оқу тәрбие жұмысы жоспарланады, жүргізіледі деп тап өтті. Тәрбиешінің жүргізетін 3 құжаты : перспективалық жоспар, циклограмма, бала дамуының мониторингі екенін де, нақтылап өтті.

Үшінші мәселе бойынша: Балабақша меңгерушісі Г.Турешова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып, түсініктемелер берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарды негізге ала отырып тәрбиелеу – білім беру процесінде: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі, қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым- қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым- қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды, Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі деді. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға, тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарын атап көрсетті кіші топ – 2 жастағы балалар, ортаңғы топ – 3 жастағы балалар, ересек топ – 4 жастағы балалар. Жаңа оқу жылында осы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарымен, ережелерімен жұмыс жүргізуді тапсырды.

ШЕШІМ:

1. «Тұрсынқұл апа» бала-бақшасының 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Нормативтік құқықтық құжаттар. (Әдістемелік нұсқау-хат, стандартпен бағдарлама, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі) қанағаттанарлық
3. Балабақшадағы топтардың жасына қарай бекітілсін. Оқу іс-әрекет кестесі, күн тәртібін, балалармен оқу жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Хатшы :



Г.Шырынханова

А.Маханова

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

Қатысқаны: 11

28.10. 2022 ж

Күн тәртібі:

- 1.Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын арттыру жолдары.
- 2.Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы. Баяндама А.Маханова
- 3.Ойын –бала дамуының басты құралы.
- 4.Заттық –кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруы және жабдықталуы.
- 5.Ашық есік күні жоспары бойынша топтарды бекіту.

Тыңдалды: Б.б. әдіскері Ғ.Турешова сөз алды. Балабақшаның басты факторларының бірі –баланы жан-жақты дамыту болып келеді. Қазіргі уақытта әр педагогтың алдында жаңа қоғамдық талаптары қойылған, балалармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері тұр. Сондықтан баларамен оқу қызметінде осы арт педагогиканың элементтерін қолдана отырып, үйлесімді жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу және зияткер қабілетін арттыру мақсатында көздеп отырмыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың , көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибие арқылы да қалыптасады. Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет. Ойын арқылы балардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналасындағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзінде асырады. Ойын арқылы балалардың негізгі іс-әрекеті және олардың айналасындағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзінде асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуге балалардың ақыл –ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады. Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын,

қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсаты мен міндеттерін атап өтті. Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс-әрекетін талдауға үйренеді.

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикуасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтеру.

Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі А.Маханова «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты баяндама оқыды. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың жас жауы» Әбу Насыр әл-Фараби.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі –ақ көрсетіп отыр. Күнделікті балаларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт – дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт –дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызға тәрбиелеп отыруымыз керек. «Ел боламын десек, бесігінді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшадан бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын, деп аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова: ойын-бала дауының басты құралы демекші балабақшада төмендегідей орталарды ұйымдастру қажет. Білім беру аймағы- оқу қызметіне (сенсорника, айналамен таныстыру, сөйлеуді дамыту т.б) қажетті материалдар орналастырылған бұрыш; кітап бұрышын жасау; толықтыруға ата-аналарды тарту, кітапты уақытша пайдалануға үйге беру; Құрастыру; музыка аймақтары; Театр бұрышы; Ойын бұрышытары; Кішкене стадион; Табиғат бұрышы; Дербес іс-әрекеттер аймағын топтық бөлмелерде, шешіну бөлмелерінде құрған дұрыс. Балалардың, олардың отбасы фотосуреттерін, балалардың суреттерін қоюға болады. Заттық – дамытушы отаны құруда шығармашылық идеяларда шек жоқ дегенмен ең бастысы баланың жас ерекшелігі, қызығушылығы және осы ортада өзін еркін сезініп, орта материалдарын қолдана алуына мүмкіндік берілуі маңызды шарт деп қорытындылады.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ғ.Турешова сөз алды. Балабақша заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру қажет.

-балабақшаның жас ерекшелік топтарына сәйкес заттық –дамытушы ортаны жобалау керек.

1) кіші топта:

Танымдық ойыншықтар , қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғат материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдар және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар , қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

Соңғы мәселе : Балабақша әдіскері Ғ.Турешова қазан айында өтетін ашық есік күнін топтарда «Балапан» кіші тобында сөйлеуді дамыту «Ойыншықтар» тәрбиеші А.Бахтыбекова өтті. «Сары жапырақтар жерге түседі» атты ұйымдастырылған оқу қызметін құрастыру бөлімі бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі өтті.

ШЕШІМ:

- 1.Балалардың танымдық зияткерлік жұмыстары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
- 2.Баяндама хаттамаға тіркелсін.
- 3.Заттық кеңістік дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жалғастырылсын. Жауапты әдіскер , тәрбиешілер.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: Г.Шырынханова

Хатшы:

А.Маханова



«Тұрсынкүл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 12.01.2023 ж

Қатысқандар саны-11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану. Баяндама. Тәрбиеші А.Бахтыбекова
3. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау «Балапан» кіші тобы «Қонжықтың көмегі»

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ғ.Турешова Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын баяндады. Балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің жоспарын, жүргізген жұмыстарын өткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе. Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану. Баяндама. Тәрбиеші А.Бахтыбекова Құммен ойнау баланың ашуланшақтығын, агрессиясын, жылаңқылығын тоқтатады және бұл кезде қиялды дамытып, балалардың эмоционалдық жай-күйіне жағымды ықпал етеді, даму және өзін-өзі дамыту үшін жақсы құрал болып табылады. **Балалар – керемет зерттеушілер. Күн сайын олар жаңа нәрселерді білуге және ашуға деген ынта-жігерін білдіреді.** Олар – қоршаған ортаның айналасындағылардың бәріне таңғаларлық нәрсе, және өздерінің өмірін жаңалықтар ашып жатқан сиқырлы әлемге айналдырады дегенмен, **балалар шығармашылығын әртүрлі жолдармен зерттеуге болады, олардың бірі өнер.** Шығармашылық процестер арқылы

балалар әртүрлі сезім мен сезімді ынталандыруға, өздерін ынталандыруға, қиын жағдайлармен күресуге, назарын, моторлық және көрнекі-кеңістіктік дағдыларын жетілдіруге және тағы басқаларға үйрене алады.

Біз жиі балалардың проблемалары жоқ деп ойлаймыз, бірақ бұлай емес. Әрине, олар қорқыныш пен қорқыныш сияқты оларда бар, айырмашылығы, оларды басқа жолмен көрсетеді. **Арт-терапия жаттығулары – бұл өздерін білдіруге және оларды шешуге мүмкіндік берудің керемет мүмкіндігі.**

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау «Балапан» кіші жас тобы «Қонжықтың көмегі» тақырыбындағы ашық сабағының өту барысын әдіскер Г.Турешова талқылады: жақсы өтілді тек балалардың бір біріне ілесе алмай жатқандығы және образға ену керектігі, балалардың бір-бірін тыңдауына сән назараудару керек екендігі және келесі сабақтарда қателіктерді ескеру керектігі айтылды.

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, . Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану ойындарда қолдану қолға алынсын.
- 3 Ашық ұйымдастырылған оқу қолға алынсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Г.Шырынханова

Хатшы

А.Маханова



«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің

№4 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 23.03.2023 ж

Қатысқандар саны-11

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Жаңартылған мазмұнда оқытудың тиімділігі».Баяндама Тәрбиешілер
- 3 Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау Ерсек «Балдаурен» тобы тәрбиеші А.Маханова
- 4.Кіші топтардың ҰОҚ мақсат-міндеттерінің,өтпелі тақырыптарының жас ерекшелігіне сай жоспарлануы.Тақырыпты тексеру қорытындысы
- 5 Балабақша ауласын көгалдандыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ғ.Турешова Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын баяндады. Балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің есептерін тапсырды. Тәрбиешілер есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің жоспарын , жүргізген жұмыстарын өткізді.

Күн тәртібіндегі«Жаңартылған мазмұнда оқытудың тиімділігі».

Тақырыбында Баяндама тәрбиеші А.Мақсұт баяндама оқыды **Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мектепке дейінгі мекеме педагогтарының алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мектепке дейінгі білім берудегі модернизациялық өзгерістер тәрбиешіге мектепке жасына дейінгі балаларды оқытудың нысандары мен әдістерін таңдауда еркіндік береді. Қазіргі оқытудың басты нәтижесі бала оның дамуына, тұлғаның интегративті қасиеттерін қалыптастыруға қаншалықты ықпал еткенін меңгергені болып табылады. Тәрбиеші таңдаған оқыту түрі зияткерлік операцияларды қалыптастыруға, тапсырмаларды шығармашылық шешу және бастаманы көрсету**

үшін жағдай жасауға, дербестік пен жауапкершілікті үйретуге, балалардың өз мінез-құлқын еркін басқаруға үйретуге тиіс. Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде мектепке дейінгі мекемелерде оқытудың әдістері тиімді қарастырылған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесіне STEM-білім беруді енгізу өзектілігі үлгілік оқу бағдарламасының пәндік-кеңістікті дамыту ортасын қалыптастыруға, мектеп жасына дейінгі ересек баланың кең дүниетанымын дамыту қажеттілігіне және әмбебап оқу іс-әрекеттерінің алғышарттарын қалыптастыруға деген талаптарына негізделген. Осының бәрі бала дамуының түбегейлі жаңа, аса жоғары деңгейін қамтамасыз етеді және болашақта кәсіп таңдауда ауқымды мүмкіндіктер береді. Робот техникасымен, бағдарламалаумен, құрастырумен айналысу балаларды шығармашылық ойлауға және бірегей өнім шығаруға ынталандырады. Бұл жекелеген бала үшін ғана емес, сонымен бірге жалпы еліміз үшін табысты болашақтың кепілі. Балаларды робот техникасына машықтандыруды барынша ерте бастау керек, себебі инженер мамандықтарына деген қызығушылық бес жастан бастап пайда болады. Бұл қызығушылықты мектепте ғана емес, сонымен бірге балабақшада барынша дамыту әрі жетілдіру керек.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе әдіскер Ғ.Турешова сөз алды Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау Ересек «Балдаурен» тобы тәрбиеші А.Маханованың сабағын талқылады сабақ өз дәрежесінде өткендігі туралы айтылды яғни өткен педкеңесте айтылған кемшіліктерді ескере отырып тәрбиеші ізденгені көрініп тұрғандығы айтылды негізгі тапсырмаларына тоқталд, балалар ертегідегі кейіпкерлерді жақсы сомдады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Балабақша ауласын көгалдандыру шаралары балабақша меңгерушісі Г.Шырынханова көктем мезгілі келгеніне байланысты балабақша ауласына көгалдандыру жұмыстарын жүргізу тапсырылды . «Бір тал кесең- он тал ек» демекші қоршаған ортамыз гүлзандырылса әрі сән, әрі таза ауа балаларға деп, көгалдандыру жұмыстары қолға алынсын .

Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің қаулылары орындалды.
2. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстары әдіскер Ғ.Турешоваға жүктелсін

Педагогикалық кеңес төрағасы

Хатшы



Г.Шырынханова

А.Маханова

«Тұрсынқұл апа» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 22.05.2023 ж

Қатысқандар саны-11

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарға есеп беру.
- 3.Қорытынды мониторинг
4. Медициналық кеңестер, жазғы сауықтыру және жөндеу жұмыстары

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ғ.Турешова Өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын баяндады. Балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер, семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылдық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған іс әрекеттердің жоспарын, жүргізген жұмыстарын өткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына әдіскер Ғ.Турешова жеке –жеке тәрбиешілерге тоқталып өтті. Тәрбиешілер шығармашылық жұмыстарын кезегінде түгелдеп барлығын жинақтап бір папкаға сақтау керектігі айтылды .

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйледі : балалардың білім жүйесінің тексерілуі ,өткізіліп, индикаторлық мониторинг жүргізілді.Қорытынды мониторинг балалардың оқу жылы ішінде жүргізілген бастапқы және аралық мониторингтеріне қарап негізделіп өткізілді. Жалпы алғанда, балалардың қорытындысы, жыл бойы алған білімдерінің негізі болып , қорытындыланады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша әдіскер сөз алды: Оқу жылының қорытындысы айтылып, жазғы сауықтыру және жөндеу шараларының жоспары бекітілді .

Шешімі:

1. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстары қанағаттанарлық .
2. Қорытынды мониторинг қанағаттанарлық
3. Медициналық кеңестер, жазғы сауықтыру және жөндеу жұмыстары жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы

Хатшы



Шырынханова

А.Маханова